

## Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі N 278 Заны.

### МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "рұқсат етілген" деген сөздер "ұсынылатын" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 -баптан қараныз).

Осы Заң асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында қызметті жүзеге асырудың құқықтық, ұйымдық және экономикалық негіздерін белгілейді, асыл тұқымды малдың тектік қорын сақтауга және көбейтуге, сондай-ақ оны өз төлінен өсіруге және өнімдік сапасын жақсартуға бағытталған, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласымен айналысатын мемлекеттік органдардың, жеке және занды тұлғалардың қызметтің реттейді.

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.12.14 № 269 Заңымен.

### 1 тарау. Жалпы ережелер

#### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) асыл тұқымды анализ – асыл тұқымды бал ара ұясын молайтуды қамтамасыз ететін асыл тұқымды ұрықтанған анализ – бал ара;

2) асыл тұқымды бал ара ұясы – ұрпақ буынына өзінің тұқымдық белгілерін ұдайы беріп отыратын, таза тұқымды, жоғары сыныпты бал араларының жоғары өнімді бал ара ұясы;

2-1) асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілімі – асыл тұқымды жануарлардың саны, тұқымдары, өнімділік бағыттары бойынша деректер жиынтығы;

3) алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі;

4) асыл тұқымдық күәлік – уәкілетті орган бекіткен тәртіппен республикалық палата беретін, асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) тұқым-тегін, өнімділігін және өзге де сапаларын растайтын құжат;

5) асыл тұқымдық кітап – белгілі бір тұқымдағы неғұрлым құнды асыл тұқымды малдың шығу тегі, өнімділігі және өзге де сапалары туралы деректер жиынтығы;

6) асыл тұқымдық құндылық – асыл тұқымды жануардың селекцияланатын белгілерінің деңгейі және оларды ұрпағына беру мүмкіндігі;

7) асыл тұқымды жануар – тұқым стандартына сай келетін және Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық палатада тіркелген таза тұқымды жануар;

8) асыл тұқымды малдың жеке карточкасы – уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ресімделетін, оның шығу тегі туралы, өнімділігі және өзге де сапалары жөніндегі деректерді қамтитын, шаруашылық ішіндегі бастапқы есепке алу нысаны;

**9) алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;**

10) асыл тұқымды жануарлардың ұрығы мен эмбриондарын өткізу жөніндегі дистрибутерлік орталық (бұдан әрі – дистрибутерлік орталық) – асыл тұқымды тұқымды жануарлардың ұрығын, эмбриондарды сатып алу, сақтау және өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны (тоқтатылғаны) туралы асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға хабарлама жасаған занды тұлға;

11) асыл тұқымды мал шаруашылығы – текстік әлеуеті жоғары малды өз төлінен өсіруге, оларды сақтауға және өсіруге бағытталған асылдандыру жұмысының жүйесімен қамтылған мал шаруашылығы саласы;

**11-1) алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;**

12) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында басшылықты және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

13) асыл тұқымдық орталық – асыл тұқымды тұқымдық жануарларды құтіп-ұстай жөніндегі қызметтің басталғаны (тоқтатылғаны) туралы уәкілетті органды хабардар еткен, асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың ұрығын, эмбриондарды алумен, жинақтаумен, сатып алумен, сақтаумен және өткізумен айналысатын занды тұлға;

14) алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15) асыл тұқымдық өнім (материал) – асыл тұқымды мал, сондай-ақ асыл тұқымды малдан алынған ұрық, эмбриондар, инкубациялық жұмыртқа, тәуліктік балапандар, уылдырық, құртшабактар мен жас балықтар, асыл тұқымды аналық бал аралары, асыл тұқымды бал ара ұялары және бал ара пакеттері;

16) асыл тұқымды тұқымдық жануар – ауыл шаруашылығы жануарын өз төлінен өсіру үшін пайдаланылатын асыл тұқымды жануардың дара аталығы;

17) алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

18) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

19) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

20) ауыл шаруашылығы жануары (бұдан әрі – жануар) – адам өсіретін, ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысы бар жануарлардың, құстардың, балықтардың және бал араларының барлық түрі;

21) алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі;

22) алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі;

23) бал ара пакеті – құрамында асыл тұқымды ұрықтанған аналығы, тұқымдығы (көреке пакетінде), тірі бал аралары және тасымалдау үшін қажетті бал араларының қорегі бар, асыл тұқымды бал ара ұясынан бөлінген қалемше;

23-1) бонитер (сыныптаушы) – бонитирлеу бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметтің басталғаны (тоқтатылғаны) туралы уәкілетті органды хабардар еткен жеке тұлға;

23-2) бонитирлеу – жануарларды тиісті сынып бере отырып, шаруашылыққа пайдалы белгілер кешені (тұқымдылығы, өнімділік сапалары, сыртқы тұрпаттық-бітімдік ерекшеліктері) бойынша бағалау;

23-3) бірінші санатты етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара мал – тұқым стандартына сәйкес келетін, тегінің кемінде үш буыны бойынша ақпарат бар, әкесі жағынан шығу тегі молекулярлық генетикалық сараптама негізінде расталған және республикалық палатада тіркелген таза тұқымды ірі қара мал;

23-4) геномдық бағалау – уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылатын, жануардың селекцияланатын белгілерінің генетикалық құндылығын олардың геномдық ақпараты негізінде болжамды бағалау;

24) екінші санатты етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара мал – тұқым стандартына сәйкес келетін, тегінің кемінде үш буыны бойынша ақпарат бар және республикалық палатада тіркелген таза тұқымды ірі қара мал;

24-1) ен салу – тиісті жануарды дәл сәйкестендіруге мүмкіндік беретін, нөмір салу (белгі, татуировка жасау, таңба басу), сырға және чип салу, сақиналау арқылы асыл тұқымды жануарды белгілеу;

24-2) жануардың тұқым-тегі – асыл тұқымды жануардың шығу тегі туралы мәліметтер;

25) желі – асыл тұқымдық және өнімділік сапалары тиісті таңдау және іріктеу жүйесімен ұсталынатын және жетілдірілетін, үздік тұқымдық тектерден тарайтын тұқымдағы асыл тұқымды мал тобы;

26) зауыттық тип – тұқымның бір бөлігі болып табылатын, сол тұқымға ортақ қасиеттерден басқа, өнімділігі, дене тұрқы мен бітімінің сипаты жағынан өзінің кейбір айрықша ерекшеліктері бар, өсірілетін аймақтың жағдайына жақсы бейімделген, ауруға төзімді мал тобы;

26-1) зауытшы – мал туылған кездегі оның енесінің иесі;

27) индектік бағалау – уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылатын, селекцияланатын белгілері бойынша жануардың асыл тұқымдық құндылығы деңгейін айқындау әдісі;

28) кросс – малдың бір желісін басқа бір желісімен будандастырудан тарайтын мал тобы;

29) қолдан ұрықтандыру – жеке-жеке іріктеліп алынған малды маманның бақылауымен шағылыстыру;

30) құстардың тұқымдары мен кросстарының арғы ата-енелік тобы – құстардың тұқымдары мен кросстарының ата-енелік тобын молайту үшін пайдаланылатын ерек және ұрғашы құстар;

31) құстардың тұқымдары мен кросстарының ата-енелік тобы – будандастырылған ұрпақ буыны инкубациялық жұмыртқа немесе ет өндірісі үшін пайдаланылатын ерек және ұрғашы құстар;

31-1) мамандандырылған зертхана – молекулярлық генетикалық сараптаманы жүзеге асыратын аккредиттелген заңды тұлға немесе оның атынан әрекет ететін құрылымдық бөлімшесі, сондай-ақ заңды тұлғаның аккредиттелген құрылымдық бөлімшесі;

32) молекулярлық генетикалық сараптама – жануардың шығу тегінің анықтығын бағалау және (немесе) генетикалық ауытқуларды анықтау мақсатында жүзеге асырылатын, оның биологиялық материалын зерттеу;

33) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс – жануарлардың асыл тұқымдық сапаларын жетілдіруге бағытталған іс-шаралар кешені;

34) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпарат қоры – уәкілетті орган айқындаған оператор жүргізетін, жануарлардың генетикалық әлеуетін жетілдіру және арттыру үшін, сондай-ақ асыл тұқымдық өнімді (материалды) есепке алу үшін пайдаланылатын, асыл тұқымды жануарлар және селекциялық процеске тартылатын жануарлар туралы деректерді жинаудың, жинақтаудың және өндеудің автоматтандырылған жүйесі;

34-1) селекциялық процеске тартылған ауыл шаруашылығы жануарының карточкасы – шығу тегі, өнімділік және оның өзге де сапалары туралы деректерді қамтитын, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ресімделетін бастапқы шаруашылықшілік есепке алу нысаны;

34-2) таза қанды жануар – бекітілген кезінен бастап шығару кезінде бір тұқым пайдаланылған жануар;

35) алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

36) алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

36-1) таза тұқымды жануар – мыналардың:

бір тұқымның таза тұқымды ата-енелерін шағылыстыру;

екі тұқымның біреуі бойынша қан құрамы кемінде 75 пайыз болған жағдайда тұқымдар генотипі бойынша жақын, туыс екі малды шағылыстыру;

бір тұқымның қан үлесі кемінде 93,75 пайыз болған кезде туыс емес тұқымдарды будандастыру;

екі және одан көп туыс емес тұқымдардың қатысуымен жаңа тұқым жасау нәтижесінде алынған жануар;

37) таза тұқымды өсіру – селекциялық және асыл тұқымдық жұмыста текстес тұқымдағы малдарды пайдалана отырып, осы тұқымға тән белгілерді топтастыру және түрге бөлу мақсатында бір тұқымдағы асыл тұқымды малды өсіру;

37-1) таңбалау – асыл тұқымдық материалға және (немесе) оның қаптамасына салынатын мәтіндік және (немесе) графикалық ақпарат;

38) тектік қоры шектеулі тұқым – селекциялық мақсаттарда пайдалану үшін қажет және құрып кету қаупі төнген отандық тұқымның сирек кездесетін және дүние жүзінде өзіне теңдесі жоқ мал тобы;

39) техник-ұрықтандыруши – жануарларды қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметтің басталғаны (тоқтатылғаны) туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға;

40) тұқым – адамның шығармашылық қызметінің ықпалымен белгілі бір шаруашылық және табиғи жағдайда қалыптасқан, "өз ішінде" өсіру үшін саны жеткілікті және іріктеліп, таңдалып, тектік типіне сәйкес келетін технологиялық жағдай жасалып, қолдау көрсетілетін шаруашылық және асыл тұқымдық құндылығы, сондай-ақ оны бір түрге жататын басқа тұқымдардан ерекшелендіретін морфологиялық, физиологиялық және шаруашылық пайдалы қасиеттерінің белгілі бір өзгешелігі бар, шығу тегі ортақ бір түрге жататын малдың тобы;

41) тұқым стандарты – республикалық палаталар бекітетін тиісті тұқымдағы асыл тұқымды жануарлардың фенотиптік, өнімділік және (немесе) өзге де көрсеткіштеріне қойылатын ең төмен талаптар;

42) эмбрион – ұрықтанған жұмыртқа жасушадан дамитын ұрық;

43) эмбриондарды телу (ауыстырып салу) – асыл тұқымды малдардан төл басын көбірек алудың биотехнологиялық әдісі;

44) эмбриондарды транспланттау (ауыстырып салу) жөніндегі маман – асыл тұқымды жануарлардың эмбриондарын алу, криоконсервациялау және транспланттау (ауыстырып салу) жөніндегі қызметтің басталғаны (тоқтатылғаны) туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.01.2014 № 165-V (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.07.2024 № 123-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **2-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті ұйымдастырудың негізгі принциптері**

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызмет:

тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

тұқымның сақталуын қамтамасыз ету;

асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы деректердің тиісінше есепке алынуын қамтамасыз ету;

асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы ақпараттық жедел өндөу және оны асыл тұқымды малды өсіруді, пайдалануды жүзеге асыратын жеке және занды тұлғаларға беру принциптеріне негізделеді.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **3-бап. Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы зандары**

Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы зандары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2001.12.14 № 269 Заңымен.

## **4-бап. Азаматтық құқық объектісі ретіндеғі асыл тұқымды өнім (материал)**

Асыл тұқымды өнім (материал) муліктік және соған байланысты муліктік емес жеке қатынастарда азаматтық құқық объектісі бола алады.

Асыл тұқымдық өнімге (материалға) Қазақстан Республикасының азаматтық заннамасында көзделген мүлік туралы жалпы ережелер қолданылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **5-бап. Асыл тұқымды өнімге (материалға) меншік құқығы және оны пайдалану**

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Асыл тұқымды өнімді (материалды) жеке және занды тұлғалардың меншіктену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының зандарымен реттеледі.

**Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**6-бап. Асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) айналымда болуы**

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалар асыл тұқымдық өнімді (материалды) өткізуді жүзеге асырады.

Асыл тұқымдық өнімге (материалға) меншік құқығынан айыруға немесе оның ауысуына осы Заңың ережелеріне сәйкес берілетін асыл тұқымдық куәлік болған жағдайда рұқсат етіледі.

**Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.12.14 № 269, 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңдарымен.**

**7-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің экономикалық қызметінің ерекшеліктері**

Ескерту. 7-бап алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
**Заңымен.**

**8-бап. Жерді және су объектілерін асыл тұқымды мал шаруашылығының мұқтаждары үшін пайдалану**

Ескерту. 8-бап алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
**Заңымен.**

**9-бап. Асыл тұқымдық өнім (материал) экспортты мен импорты**

Асыл тұқымдық өнім (материал) экспортты мен импорты Қазақстан Республикасының асыл тұқымдық мал шаруашылығы туралы және ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Асыл тұқымдық өнім (материал) экспортты үәкілетті орган берген ветеринариялық сертификат және асыл тұқымдық куәлік болған кезде жүзеге асырылады.

Асыл тұқымдық өнім (материал) импортты ветеринариялық сертификат және белгіленген тәртіппен танылған, экспорттаушы елдің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжат болған кезде жүзеге асырылады.

Ұрықтың импортын одан әрі өткізу мақсатында асыл тұқымдық және дистрибутерлік орталықтар жүзеге асырады.

**Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;**  
**өзгеріс енгізілді - ҚР 17.01.2014 № 165-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **2-тарау. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік реттеу**

Ескерту. 2-тарау жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 540-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

### **10-бап. Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы жүйесі**

Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы жүйесіне:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 2) уәкілетті орган;
- 3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары;
- 4) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер кіреді.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **11-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **12-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқару органдары**

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқару органдарына асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшелері бар ведомствосын қоса алғанда, уәкілетті орган жатады.

2. Уәкілетті органдың басшысы ведомство басшысына "Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы" арнайы атауын беруге құқылы.

Ведомство басшысы "Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторының орынбасары" арнайы атауын, ал ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің тиісті лауазымдарына – "асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі Бас мемлекеттік инспектор" және "асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі Бас мемлекеттік инспектордың орынбасары" арнайы атауларын беруге құқылы.

Ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелерінің асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында тікелей мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын өзге де

лауазымды адамдары асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлар болып табылады.

### **13-бап. Уәкілетті органның құзыреті**

Уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;

2) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-В (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіруді және әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

4) бонитирлеу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

4-1) индектік бағалау жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

4-2) молекулярлық генетикалық сараптама жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

4-3) мамандандырылған зертханаларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

4-4) асыл тұқымды тұқымдық жануарларға ұрпағының сапасы бойынша бағалау жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

4-5) асыл тұқымды жануарларға өз өнімділігі бойынша бағалау (сынақтар) жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

4-6) геномдық бағалау жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

4-7) бонитерді (сыныптаушыны), техник-ұрықтандыруышыны және эмбриондарды транспланттау (ауыстырып салу) жөніндегі маманды оқыту курсарының үлгілік бағдарламаларын және олардың сағат көлемін әзірлейді және бекітеді;

4-8) бонитердің (сыныптаушының), техник-ұрықтандыруышының және эмбриондарды транспланттау (ауыстырып салу) жөніндегі маманның біліктілігін арттыру курсарының үлгілік бағдарламаларын және олардың сағат көлемін әзірлейді және бекітеді;

5) алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктерді сынақтардан және байқаулардан өткізу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

7-1) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын өзірлейді және бекітеді;

8) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

10) асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлар туралы ережені өзірлейді және бекітеді;

11) асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектор актілерінің нысандарын, оның ішінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың нысанын, оларды жасау және беру тәртібін өзірлейді және бекітеді;

12) асыл тұқымдық кітап жүргізу қағидаларын өзірлейді және бекітеді;

13) асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілімін жүргізу қағидаларын өзірлейді және бекітеді;

13-1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметтің басталғаны (тоқтатылғаны) туралы хабарламалар қабылдауды жүзеге асырады;

13-2) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізеді және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

14) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы ережені өзірлейді және бекітеді;

14-1) алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

15) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

16) алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

17) алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

18) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

19) алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

20) асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілімін жүргізуі және оны үәкілетті органның интернет-ресурсында жариялауды жүзеге асырады;

21) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізеді және басып шығарады;

22) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктерді сынақтан және байқаудан өткізеді;

23) өткізілетін асыл тұқымды өнімге (материалға) берілетін асыл тұқымдық қуәліктер деректерінің дәйектілігіне бақылауды жүзеге асырады;

24) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

25) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпарат қорын жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

25-1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында мемлекеттік қолдаудың бағыттарын айқындайды;

26) мыналарды:

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын;

мал шаруашылығы салалары бойынша асыл тұқымдық өнімді (материалды) есепке алу нысандарын;

асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) барлық түрлеріне асыл тұқымдық қуәліктердің нысандарын және оларды беру (жою) тәртібін;

асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесін беру (тоқтата тұру, күшін жою) қағидаларын;

асыл тұқымды жануардың жеке карточкасының, сондай-ақ селекциялық процеске тартылған ауыл шаруашылығы жануары карточкасының нысаны мен оларды толтыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

27) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

28) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

29) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

30) Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

31) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы халықаралық қатынастарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді;

31-1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

32) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.01.2014 № 165-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **14-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті**

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

1-1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) алып тасталды - ҚР 17.01.2014 № 165-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) асыл тұқымды малдың, оның ішінде тектік қоры шектеулі тұқымдардың тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды субсидиялауды жүзеге асырады;

8) жергілікті мемлекеттік басқару мұддесінде жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 14-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.01.2014 № 165-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен

## **15-бап. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті**

Ескерту. 15-бап алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **16-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау**

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау – уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған іс-қимылдарының жиынтығы.

2. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

2-1. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау:

1) ақпараттық жүйелерден;

2) ашық көздерден, бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған деректер мен ақпаратты талдау, салыстыру арқылы жүргізіледі.

Асыл тұқымдық орталықтар мен дистрибутерлік орталықтар, бюджеттік субсидиялар алған жеке және заңды тұлғалар, республикалық палаталар бармай профилактикалық бақылау субъектілері (объектілері) болып табылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау

субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені төмендешу болып табылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бақылау субъектілерінің әрекеттеріндегі (әрекетсіздігіндегі) бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшелері бақылау субъектісіне бұзушылықтар анықталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным (бұдан әрі – ұсыным) жібереді. Ұсынымда оны орындау мерзімі көрсетіледі, бұл табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күнінен кем болмауға тиіс.

Ұсыным бақылау субъектісіне қолын қойғызып, жеке өзіне немесе оны жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

- 1) колма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;
- 2) поштамен – тапсырысты хатпен пошта жөнелтілімін алғаны туралы хабардар етілген күннен бастап;
- 3) электрондық тәсілмен – сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап табыс етілді (алынды) деп есептеледі.

Ұсыным табыс етілген (алынған) күннен кейінгі, ұсынымда көрсетілген мерзім ішінде орындалуға тиіс.

Бақылау субъектісі уәкілетті органның ведомствосын немесе оның аумақтық бөлімшелерін бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жойған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынымның орындалғаны туралы жазбаша хабардар етеді.

Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті орган ведомствоына немесе оның аумақтық бөлімшелеріне ұсыным табыс етілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

Ұсынымды белгіленген мерзімде орынданау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу дің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың жиілігі деректер мен ақпараттың келіп түсуіне қарай, бірақ айна бір реттен жиілестпей айқындалады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды тіркеудің арнаулы журналында есепке алуына жатады, ол нөмірленуге, тігілуге және уәкілетті орган ведомствосының немесе оның аумақтық бөлімшесінің мөрімен бекемделуге тиіс.

3. Асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлар:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердегі, бюджеттік субсидиялар алған жеке және заңды тұлғалардағы есепке алу мен есептіліктің жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

2) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) асыл тұқымдық қуәліктерде көрсетілген деректердің анықтығын тексеруге;

5) алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға;

7) нұсқамалар беруге және олардың орындалуын бақылауға;

7-1) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымдар беруге және олардың орындалуын бақылауға құқылы;

8) алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың өз құзыреті шегіндегі актілерін асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің, бюджеттік субсидиялар алған жеке және заңды тұлғалардың орындауы міндетті.

5. Асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2015 № 424-V (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **16-1-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік реттеу**

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік реттеу:

1) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

2) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында мемлекеттік бақылау жүргізу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында іргелі және қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулер және малдың тектік қорын сақтау, дамыту және пайдалану бойынша селекция жүргізу;

4) асыл тұқымды, оның ішінде тектік қоры шектеулі малдың тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды субсидиялау;

5) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін асыл тұқымдық өнімге (материалға) қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды субсидиялау;

6) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шараларын субсидиялау;

7) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы жетістіктерді сынақтан және байқаудан өткізу;

8) асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізілімін жүргізу;

9) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 16-1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.01.2014 № 165-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **16-2-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама жасау**

1. Осы бапта аталған жеке және занды тұлғалар асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті бастағанға дейін бұл жөнінде уәкілетті органды "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен хабардар етуге міндетті.

2. Алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-В (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-В (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Асыл тұқымдық орталық ретінде қызметтің бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған занды тұлға:

1) меншік немесе жалға алу (кемінде үш жыл) немесе лизинг құқығында материалдық-техникалық базага (асыл тұқымды тұқымдық жануарларды құтіп-ұстаяға арналған үй-жайға, асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың ұрығын төменгі температурада мұздатуға және сақтауға арналған зертханаға, ветеринариялық-санитариялық тексеру өткіzetтін орынға, карантиндік үй-жайға, изоляторға, зертханалық және криогендік жабдыққа) иелік етуі;

2) бонитирлеу және (немесе) индекстік бағалау жүргізуге;

3) асыл тұқымды тұқымдық жануарларға ұрпақ сапасы бойынша бағалау және (немесе) геномдық бағалау жүргізуге;

4) штатында тиісті мамандықтар бойынша қызметкерлерінің болуға;

5) асыл тұқымды жануарларға өз өнімділігі бойынша бағалау (сынақтар) жүргізуге міндетті.

Хабарламаға мынадай құжаттар:

1) занды тұлғаны (занды тұлға үшін) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

2) объектіге ветеринариялық-санитариялық қорытындының және есепке алу нөмірінің берілгені туралы растаудың көшірмелері;

3) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың болуын раставтын асыл тұқымдық куәліктердің көшірмелері;

5) өндірістік үй-жайлар кешендерінің (асыл тұқымды тұқымдық жануарларды құтіп-ұстаяға арналған үй-жайдың, асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың ұрығын төменгі температурада мұздатуға және сақтауға арналған зертхананың, ветеринариялық-санитариялық тексеру өткіzetтін орынның, карантиндік үй-жайдың, изолятордың, зертханалық және криогендік жабдықтардың (Дьюар ыдысының), еріткіш термостаттың, су моншасының, микроскоптың, жылыту үстелінің, мұздатқыштың, асыл тұқымды материалды буып-туюғе және таңбалауға арналған жабдықтардың) меншік құқығында болуын раставтын құқық белгілейтін құжаттардың немесе жалға алу (кемінде үш жыл) шартының немесе лизинг шартының көшірмелері;

6) сәйкестендіру жүргізілгенін раставтын ветеринариялық паспорттар қоса беріледі.

7) алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Дистрибутерлік орталық ретінде қызметтің бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған заңды тұлға:

1) меншік немесе жалға алу (кемінде үш жыл) немесе лизинг құқығында материалдық-техникалық базаға (стационарлық биоқоймалары бар өндірістік үй-жайларға, зертханалық және криогендік жабдыққа) иелік етуі;

2) штатында тиісті мамандықтар бойынша қызметкерлерінің болуы міндетті.

Хабарламаға мынадай құжаттар:

1) заңды тұлғаны (заңды тұлға үшін) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

2) объектіге ветеринариялық-санитариялық қорытындының және есепке алу нөмірінің берілгені туралы растаудың көшірмелері;

**3) алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;**

4) стационарлық биоқоймалары бар өндірістік үй-жайларды, зертханалық және криогендік жабдықтарды қоса алғанда, материалдық-техникалық базаның (Дьюар ыдысының), еріткіш термостаттың, су моншасының, микроскоптың, жылыту үстелінің) меншік құқығында болуын ратайтын құқық белгілейтін құжаттардың немесе жалға алу (кемінде үш жыл) шартының немесе лизинг шартының көшірмелері қоса беріледі.

6. Малдың белгілі бір түрі және өнімділігінің бағыты бойынша бағалаушы (сыныптаушы) ретінде қызметтің бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға хабарламаға:

1) жеке күәлігінің;

2) "ауыл шаруашылығы және биоресурстар" немесе "ветеринария" бағыты бойынша білімі туралы дипломның;

3) жануардың тиісті түрі бойынша бонитерлерді (сыныпташыларды) оқыту курсынан өткені туралы құжаттың көшірмелерін қоса береді.

7. Техник-ұрықтандыруши ретінде қызметтің бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға хабарламаға:

1) жеке күәлігінің;

2) "ауыл шаруашылығы және биоресурстар", "ветеринария" бағыты бойынша білімі туралы дипломның немесе техник-ұрықтандырушины оқыту курсарынан өткені туралы құжаттың немесе осы бейін бойынша кемінде алты ай жұмыс өтілін ратайтын құжаттың;

**3) алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;**

4) материалдық-техникалық базаның (зертханалық үй-жайдың, бақылау-өлшеу аспаптарының, құрал-саймандардың, криогендік жабдықтардың (Дьюар ыдысының), еріткіш термостаттың, су моншасының, микроскоптың, жылыту үстелінің, шприц-катетердің) меншік құқығында болуын ратайтын құқық белгілейтін

құжаттардың немесе жалға алу (кемінде бір жыл) шартының немесе лизинг шартының көшірмелерін қоса береді.

8. Эмбриондарды телу (аудыстырып салу) жөніндегі маман ретінде қызметін бастағаны туралы уәкілдеп органға хабарлама жасаған жеке тұлға хабарламаға:

- 1) жеке күелігінің;
- 2) "ауыл шаруашылығы және биоресурстар" немесе "ветеринария" бағыты бойынша білімі туралы дипломының;
- 3) эмбриондарды транспланттау (аудыстырып салу) жөніндегі маманды оқыту курсарынан өткені туралы құжаттың;
- 4) материалдық-техникалық базаның (зертханалық үй-жайдың, бақылау-өлшеу аспаптарының, құрал-саймандардың, криогендік немесе технологиялық жабдықтардың (Дьюар ыдысының), еріткіш термостаттың, жылдыту үстелінің, микроскоптың, шприцтің) меншік құқығында болуын растайтын құқық белгілейтін құжаттардың немесе жалға алу (кемінде бір жыл) шартының немесе лизинг шартының көшірмелерін қоса береді.

9. Алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10. Осы бапта көзделген құжаттарды ұсыну оларда қамтылған ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және (немесе) мәліметтер нысанынан алу мүмкін болған жағдайда, талап етілмейді.

Құжаттар "электрондық үкімет" веб-порталы немесе "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы берілген кезде құжаттар электрондық нысанда ұсынылады.

Ескерту. 16-2-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.01.2014 № 165-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 408-V (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.01.2021 № 408-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

16-3-бап. Асыл тұқымдық өнімді (материалды) есепке алу

**Ескерту. 16-3-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.**

Асыл тұқымдық өнім (материал) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық дереккорында және (немесе) қағаз жеткізгіштерде есепке алынуға жатады.

Асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізіліміне уәкілетті орган айқындаған тәртіппен асыл тұқымды жануарлар туралы деректер енгізіледі.

Асыл тұқымды малдың шығу тегі, өнімділігі және өзге де сапалары бойынша неғұрлым құндылары туралы деректер асыл тұқымдық кітапқа енгізіледі.

Асыл тұқымдық кітапқа және асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізіліміне енгізілген деректер мүдделі тұлғалар үшін қолжетімді болып табылады.

Жануардың шығу тегін, өнімділік және өзге де сапаларын растау мақсатында жеке және занды тұлғалар уәкілетті орган бекіткен тәртіппен және нысандар бойынша есепке алууды жүргізеді.

**Ескерту. 16-3-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

#### **16-4-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау**

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қолдаудың негізгі нысаны:

1) асыл тұқымды малдың, оның ішінде тектік қоры шектеулі тұқымдардың тектік қорын сақтауға, дамытуға және қалпына келтіруге;

2) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін асыл тұқымды өнімге (материалға) қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

3) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуіне;

4) Қазақстан Республикасының аумағында өсірілген мініс және мініс-жегін жылқылар тұқымдарының асыл тұқымды мал басын күтіп-бағуға жұмсалған шығындарды өтеуге бағытталған іс-шараларды субсидиялау болып табылады.

2. Бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау бағыттарын уәкілетті орган айқынтайтын.

3. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 16-4-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.07.2024 № 123-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **16-5-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулер**

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулерді ауыл шаруашылығы бейініндегі Қазақстан Республикасының ғылыми ұйымдары жүзеге асырады. Аталған ұйымдар уәкілетті органмен бірлесе отырып:

- 1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламаларды;
- 2) бонитирлеу жөніндегі нұсқаулықтарды;
- 3) асыл тұқымды өнімді (материалды) бағалау мен генетикалық бақылау үшін әдістемелер мен техникалық құралдарды;
- 4) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында, оның ішінде селекциялық және асыл тұқымдық жұмыста ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін;
- 5) индектік бағалау жүргізу қағидаларын;
- 6) молекулярлық генетикалық сараптама жүргізу қағидаларын;
- 7) асыл тұқымды тұқымдық жануарларға ұрпақ сапасы бойынша бағалау жүргізу қағидаларын;
- 8) асыл тұқымды жануарларға өз өнімділігі бойынша бағалау (сынақтар) жүргізу қағидаларын;
- 9) геномдық бағалау жүргізу қағидаларын әзірлеуді жүзеге асырады.

Ескерту. 16-5-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **3-тaraу. Асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік реттеу**

Ескерту. 3-тaraу алып тасталды - КР 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

#### **4-тaraу. Асыл тұқымдық өнімді (материалды) тану және пайдалану**

Ескерту. 4-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс

енгізілді – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **17-бап. Асыл тұқымдық өнімді (материалды) тану**

1. Өнімді (материалды) республикалық палата уәкілетті орган айқындаған тәртіппен асыл тұқымдық деп таниды.

2. Осы Заңың 9-бабы үшінші бөлігінің талаптарына сәйкес келген кезде импортталған асыл тұқымдық өнім (материал) асыл тұқымды деп танылады.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **18-бап. Асыл тұқымдық өнімді (материалды) пайдалану және өткізу**

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, асыл тұқымдық өнімді (материалды) пайдалану және өткізу уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Ұрық мынадай шарттарға бір мезгілде сәйкес келген кезде:

1) ұрпақ сапасы және (немесе) геномдық бағалау бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық жануардан алынған;

2) тиісті морфофункционалдық көрсеткіштері болған;

3) генетикалық детерминделген аурулары болмаған;

4) сәйкестендіруге мүмкіндік беретін таңбалауы болған кезде пайдаланылады және өткізіледі.

3. Эмбрион мынадай шарттарға бір мезгілде сәйкес келген кезде:

1) асыл тұқымды жануарлардан алынған;

2) генетикалық детерминделген аурулары болмаған;

3) асыл тұқымдық күәлігі болған;

4) сәйкестендіруге мүмкіндік беретін таңбалауы болған кезде пайдаланылады және өткізіледі.

4. Ені (таңбалауы) жоқ асыл тұқымдық өнімді (материалды) өткізуге жол берілмейді

. Асыл тұқымды жануар асыл тұқымдық мақсатқа өткізілген кезде асыл тұқымды жануардың асыл тұқымдық күәлігі де болуға тиіс.

5. Тұқымның өсімін молайту үшін осы Заңың 19 және 20-баптарында көзделген талаптарға сәйкес келетін асыл тұқымды жануарлар ғана пайдаланылады.

6. Асыл тұқымды жануарлар алынған шаруашылықтар туралы деректерді сақтау мақсатында зауытшылар туралы мәліметтер асыл тұқымдық күәліктерде көрсетіледі.

7. Жануарлардың тұқымдық және өнімділік сапаларын жақсарту мақсатында ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші:

1) осы баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес келетін жаңадан алынған ұрықты;

2) осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында белгіленген талапқа сәйкес келетін жаңадан алынған эмбрионды пайдалануға құқылышы.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 1) тармақшасының талабы асыл тұқымдық жануарды меншік құқығында немесе өзге де занды негізде иелік ететін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге қолданылады.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңымен.

#### **19-бап. Асыл тұқымды жануарларды бонитирлеу және индекстік бағалау**

Егер Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы заңнамасында өзгеше көзделмесе, асыл тұқымды жануарлар бонитирлеуге және (немесе) индекстік бағалауға жатады.

Бонитирлеуден және (немесе) индекстік бағалаудан өтпеген асыл тұқымды жануарларды асыл тұқымдық мақсаттарға өткізуға жол берілмейді.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңымен.

#### **20-бап. Асыл тұқымдық орталықтарда күтіп-ұсталатын асыл тұқымды тұқымдық жануарларды бағалау**

Асыл тұқымдық орталықтарда күтіп-ұсталатын, ұрығы таза тұқымды және асыл тұқымды жануарлар алу үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық жануарлар:

бонитирлеуге және (немесе) индекстік бағалауға;

ұрпақ сапасы бойынша бағалауға және (немесе) геномдық бағалауға;

асыл тұқымды жануарларды өз өнімділігі бойынша бағалауға (сынақтарға) жатады.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңымен.

#### **20-1-бап. Молекулярлық генетикалық сараптама**

1. Молекулярлық генетикалық сараптама мамандандырылған зертханаларда жүзеге асырылады, олар оның нәтижелерін селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық дерекқорына енгізеді.

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлғалар молекулярлық генетикалық сараптамаға тапсырыс берушілер болып табылады.

2. Молекулярлық генетикалық сараптаманың теріс қорытындысын алу тапсырыс берушіні молекулярлық генетикалық сараптама жүргізу үшін басқа мамандандырылған зертханаларға қайта жүгіну құқығынан айырмайды.

3. Тапсырыс берушінің:

1) молекулярлық генетикалық сараптама жүргізудің кез келген кезеңінде өтінімді кері қайтарып алуға;

2) молекулярлық генетикалық сараптама жүргізу барысында туындайтын мәселелерді қарастыру құқығы бар.

#### 4. Тапсырыс беруші:

1) жануардың биологиялық материалдарының үлгілерін іріктеуге және мамандандырылған зертханаға жеткізуге;

2) молекулярлық генетикалық сараптама жүргізу үшін мамандандырылған зертханаға берілетін жануардың биологиялық материалдары үлгілерінің жиналудың бақылауға;

3) молекулярлық генетикалық сараптама жүргізу үшін іріктелген жануардың биологиялық материалдарының үлгілерін абайсызында немесе қасақана ауыстыруды жағдайларын болғызбауды қамтамасыз етуге;

4) ілеспе құжаттаманы тиісті түрде ресімдеуге және мамандандырылған зертханаға ұсынуға;

5) қаптамалардағы жазбалар мен сәйкестендіргіштердің және ұсынылып отырған барлық ілеспе құжаттардың көрсетілген сәйкестендіргіштері бар нақты жануарларға сәйкес келуіне кепілдік беруге;

6) молекулярлық генетикалық сараптама жүргізу құнын, оның ішінде молекулярлық генетикалық сараптаманың теріс қорытындысын алған жағдайда да төлеуге міндетті.

5. Тапсырыс беруші осы баптың 4-тармағының 1) – 5) тармақшаларында және молекулярлық генетикалық сараптама жүргізуге арналған шартта көзделген міндеттерді орындаған жағдайда, мамандандырылған зертхананың көрсетілетін қызметтерді ұсынудан толық көлемде не ішінара бас тартуға құқығы бар.

#### 6. Мамандандырылған зертхана:

1) молекулярлық генетикалық сараптама жүргізуге арналған шартта белгіленген мерзімде толық көлемде қызметтерді көрсетуге;

2) молекулярлық генетикалық сараптама жүргізуге арналған шарт бойынша өз міндеттемелерін үшінші тұлғаларға бермеуге;

3) тапсырыс берушіге оның талабы бойынша молекулярлық генетикалық сараптаманың жүргізілу барысы туралы барлық мәліметтерді хабарлауға;

4) егер молекулярлық генетикалық сараптама жүргізуге арналған шартта көзделген міндеттемелерді сапалы және мерзімінде орындау мүмкін болмаса және бұл тапсырыс беруші тарапынан қажетті шаралар қолдануды қажет етсе, тапсырыс берушіге дерегу хабар беруге міндетті.

7. Молекулярлық генетикалық сараптамаға тапсырыс беруші мен мамандандырылған зертхананың Қазақстан Республикасының заңнамасында және молекулярлық генетикалық сараптама жүргізуге арналған шартта көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері болады.

Ескерту. Заң 20-1-баппен толықтырылды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## 21-бап.

Ескерту. 21-бап алынып тасталды – ҚР 2006.01.10 № 116 (01.01.2006 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**5-тарау. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің қызметін ұйымдастыру**

## 22-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті жеке және занды тұлғалар жүзеге асырады.

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер осы Заңың 16-3-бабының бірінші бөлігіне сәйкес деректерді есепке алуды жүргізеді.

Асыл тұқымдық орталықтар, дистрибутерлік орталықтар және респубикалық палаталар уәкілетті орган айқындаған тәртіппен есептілік ұсынады.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.12.14 № 269, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.10 № 116 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 23-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің түрлері

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерге:

- 1) асыл тұқымдық орталықтар;
- 2) дистрибутерлік орталықтар;
- 3) бонитерлер (сыныптаушылар);
- 4) техник-ұрықтандышылар;
- 5) эмбриондарды транспланттау (ауыстырып салу) жөніндегі мамандар;
- 6) респубикалық палаталар;
- 7) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар жатады.

Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## 24-бап. Асыл тұқымды мал зауыттары қызметінің негізгі бағыттары

Ескерту. 24-бап алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **25-бап. Асыл тұқымдық шаруашылықтар қызметінің негізгі бағыттары**

Ескерту. 25-бап алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **26-бап. Асыл тұқымдық орталықтар қызметінің негізгі бағыттары**

Ескерту. 26-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Асыл тұқымдық орталықтар қызметінің негізгі бағыттары:

1) асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың ұрығын, эмбриондарды алу, жинақтау, сатып алу, сактау мен өткізу және оларды селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпарат қорында тіркеу;

2) алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың ұрығын және эмбриондарды пайдалану нәтижелерін есепке алу, олар туралы деректер банкін жүргізу;

6) тектік қормен алмасуды жүзеге асыру болып табылады.

7) алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың ұрығын, эмбриондарды алуды, жинақтауды, сатып алуды, сактауды және өткізуді асыл тұқымдық орталықтар осы Заңның талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - ҚР 2001.12.14 № 269 Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.01.2014 № 165-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

## **27-бап. Дистрибутерлік орталықтар қызметінің негізгі бағыттары**

Дистрибутерлік орталықтар қызметінің негізгі бағыттары асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың ұрығын, эмбриондарды сатып алу, сактау мен өткізу және

оларды селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпарат қорында тіркеу болып табылады.

Асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың ұрығын, эмбриондарды сатып алуды, сақтауды және өткізуді дистрибутерлік орталықтар осы Заңың талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

**28-бап. Бағалаушылар (сыныптаушылар), техник-ұрықтандырушылар және эмбриондарды телу (аудыстырып салу) жөніндегі мамандар қызметінің негізгі бағыттары**

1. Бонитерлер (сыныптаушылар) қызметінің негізгі бағыттары бонитирлеу жүргізу болып табылады.

2. Техник-ұрықтандыруши қызметінің негізгі бағыттары жануарларды қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді көрсету болып табылады.

3. Эмбриондарды транспланттау (аудыстырып салу) жөніндегі мамандар қызметінің негізгі бағыттары асыл тұқымды жануарлардың эмбриондарын алу, криоконсервациялау және транспланттау (аудыстырып салу) жөніндегі қызметтерді көрсету болып табылады.

4. Бонитер (сыныптаушы), техник-ұрықтандыруши және эмбриондарды транспланттау (аудыстырып салу) жөніндегі маман уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес біліктілікті арттыру курсарынан өтеді және біліктілікті арттыру курсарынан өткені туралы сертификат алады.

Ескерту. 28-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 17.01.2014 № 165-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

**28-1-бап. Асыл тұқымдық репродукторлар қызметінің негізгі бағыттары**

Ескерту. 28-1-баппен толықтырылды - ҚР 2001.12.14 № 269 Заңымен; алып тасталды - ҚР 27.11.2015 № 424-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**28-2-бап. Республикалық палата**

1. Республикалық палата асыл тұқымды жануарларды өсіруді және (немесе) өсімін молайтууды жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалардың мүдделерін білдіру және

корғау үшін құрылатын және жұмыс істейтін, коммерциялық емес, өзін-өзі қаржыландыратын үйим болып табылады.

2. Республикалық палата заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен әділет органдарында тіркеледі.

3. Республикалық палата облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құруға құқылы.

4. Республикалық палатаның қызметі Қазақстан Республикасының заңдарымен және палатаның алқалы органы қабылдаған жарғымен реттеледі.

5. Қазақстан Республикасының аумағында ірі қара малдың әр тұқымы бойынша ірі қара малдың тиісті тұқымы жөніндегі бір республикалық палата құрылады және жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының аумағында қой шаруашылығы және жылқы шаруашылығы республикалық палаталары қойлардың және жылқылардың әр өнімділік бағыты бойынша біреуден құрылады.

Қазақстан Республикасының аумағында құстардың барлық түрі мен өнімділік бағыттарына бір құс шаруашылығы республикалық палатасы құрылады.

Қазақстан Республикасының аумағында түйе шаруашылығы, шошқа шаруашылығы, ешкі шаруашылығы, марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы), қоян шаруашылығы, аң шаруашылығы, бал ара шаруашылығы, балық өсіру шаруашылығы республикалық палаталары жануардың әр түрі бойынша біреуден құрылады.

6. Егер ірі қара малдың бір тұқымы бойынша немесе қой мен жылқының өнімділік бағыттары бойынша асыл тұқымды жануарларды өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың мұдделері ірі қара малдың өнімділік бағыттары бойынша немесе қой мен жылқының өнімділік бағыттары бойынша республикалық палатада білдірілсе, жекелеген республикалық палатаны құру ірі қара малдың өнімділік бағыттары бойынша немесе қой мен жылқының өнімділік бағыттары бойынша жұмыс істеп тұрған республикалық палатаны қайта ұйымдастыру (бөлу, бөліп шығару нысанында) арқылы жүзеге асырылады.

Ірі қара малдың өнімділік бағыттары бойынша немесе қой мен жылқының өнімділік бағыттары бойынша республикалық палатаны қайта ұйымдастыру (бөлу, бөліп шығару нысанында) үшін республикалық палата мүшелерінің жалпы жиналышында шығарылған және республикалық палата мүшелерінің кемінде елу пайыз дауысын алған, ірі қара малдың бір тұқымы бойынша немесе қой мен жылқының өнімділік бағыттары бойынша асыл тұқымды жануарларды өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың мұдделерін білдіретін республикалық палатаның кемінде үш мүшесінің және республикалық палата кеңесінің кемінде бір мүшесінің бірлескен шешімі негіз болып табылады.

7. Республикалық палатаның кірісін (мұлкін) қалыптастыру көздері:

- 1) респубикалық палата мүшелерінен жарналардың тұсулары;
- 2) асыл тұқымдық куәліктерді беру бойынша қызметтер көрсетуден алынған кірістер (бланкінің құны);
- 3) ерікті мұліктік жарналар мен қайырмалдықтар;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздер болып табылады.

Ескерту. Заң 28-2-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **28-3-бап. Республикалық палатаның құрылымы мен өкілеттіктері**

1. Республикалық палатаның құрылымы селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу мен үйлестіруге бірлесіп жауап беретін алқалы органнан, респубикалық палата кеңесінен және атқарушы органнан тұрады.
2. Алқалы орган – респубикалық палата мүшелерінің жиналышы, ол жоғары басқару органы болып табылады.

Алқалы орган респубикалық палатаны дамытудың стратегиялық бағыттары бойынша шешімдерді айқындайды және қабылдайды.

Алқалы орган жылына бір реттен сиретпей шақырылады. Алқалы органның кезектен тыс жиналышы респубикалық палата мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

3. Республикалық палатаның жарғысына сәйкес респубикалық палата кеңесін үш жыл мерзімге алқалы орган сайлайды және ол респубикалық палата мүшелерінің мүдделерін білдіреді.

Респубикалық палата кеңесінің құрамы алқалы органның шешімімен қайта сайлануы мүмкін.

Респубикалық палата кеңесінің құрамы жыл сайын үштен біріне жаңартылып отырады, респубикалық палата кеңесінің төрағасы үш жылда бір рет сайланады.

Респубикалық палата кеңесінің құрамын қалыптастыру кезінде өнірлердің тең өкілдігі қамтамасыз етіледі.

4. Республикалық палата кеңесі Қазақстан Республикасының заңдарында және респубикалық палатаның жарғысында белгіленген құзыретке сәйкес респубикалық палата қызметіне жалпы басшылықты және оны басқаруды жүзеге асырады.

5. Республикалық палата кеңесінің құрамына ауыл шаруашылығы бейініндегі Қазақстан Республикасы ғылыми ұйымдарының өкілдері және респубикалық палата мүшелері кіреді.

6. Респубикалық палата кеңесінің төрағасы респубикалық палата кеңесі мүшелерінің арасынан сайланады және оны алқалы орган бекітеді.

Сол бір адам респубикалық палата кеңесінің төрағасы болып қатарынан екі реттен артық сайлана алмайды.

7. Респубикалық палата кеңесінің отырысы респубикалық палата жарғысына сәйкес белгіленеді.

8. Респубикалық палата кеңесі:

1) жұмыс регламентін айқындайды және атқарушы органның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асырады;

2) респубикалық палатаның бюджетін бекітеді;

3) алқалы органға тарифтік саясатқа өзгерістер енгізу ді ұсынады;

4) алқалы органға атқарушы директор кандидатурасын бекітуге ұсынады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9. Атқарушы орган:

1) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесін беру (тоқтата тұру, күшін жою) арқылы асыл тұқымды мал шаруашылығының таңдалған бағытына қарай асыл тұқымды мал басын есепке алууды ұйымдастырады;

1-1) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесін беру (тоқтата тұру, күшін жою) арқылы бірінші санатты етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малды және екінші санатты етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малды есепке алууды ұйымдастырады;

2) бонитирлеу жөніндегі нұсқаулыққа және (немесе) индектік бағалау жүргізу қағидаларына және (немесе) асыл тұқымды тұқымдық жануарларға ұрпақ сапасы бойынша бағалау жүргізу қағидаларына және (немесе) геномдық бағалау жүргізу қағидаларына және (немесе) асыл тұқымды жануарларға өз өнімділігі бойынша бағалау (сынақтар) жүргізу қағидаларына сәйкес асыл тұқымды жануарлардың, оның ішінде асыл тұқымды тұқымдық жануарлардың асыл тұқымдық құндылығын айқындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

3) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен асыл тұқымды өнімге (материалға) асыл тұқымдық куәліктер беруді (жоюды) жүзеге асырады;

4) импортталған аஸыл тұқымдық өнімге (материалға) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары берген аஸыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты үәкілетті орган бекіткен тәртіппен тануды жүзеге асырады;

**5) алып тасталды – ҚР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;**

6) таза қанды және таза тұқымды жануарлар бойынша аஸыл тұқымдық кітаптарды бөлек жүргізеді және басып шығарады;

7) бонитирлеу, индектік бағалау, асыл тұқымды тұқымдық жануарларды үрпақ сапасы бойынша бағалау, геномдық бағалау, асыл тұқымды жануарларды өз өнімділігі бойынша бағалау (сынақтар) деректеріне мониторингті жүзеге асырады, сондай-ақ мұдделі тұлғаларға оның нәтижелері туралы хабар береді;

8) алқалы органмен келісі бойынша тұқым стандартын бекітеді;

8-1) асыл тұқымды жануарлардың республикалық тізіліміне енгізу үшін уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша асыл тұқымды жануарлар тізілімін жүргізеді және оның деректерін уәкілетті органға ұсынады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10. Асыл тұқымдық өнімге (материалға) мәртебе мен асыл тұқымдық қуәлік беруді – республикалық палатаға мүшелігіне қарамастан, жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші негізінде республикалық палата жүзеге асырады.

**Ескерту. Заң 28-3-баппен толықтырылды - КР 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - КР 27.11.2015 № 424-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – КР 10.10.2022 № 144-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**6-тaraу. Ауыл шаруашылығы малын қолдан ұрықтандыру және эмбриондарды телу**

**Ескерту. 6-тaraу алып тасталды - КР 2001.12.14 № 269 Заңымен.**

**7-тaraу. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы дауларды шешу және оның қызметін жүзеге асыру кезіндегі жауаптылық**

**30-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру кезіндегі дауларды шешу**

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде туындаған даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

**31-бап. Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - КР 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңдарын бұзыу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа экеп соғады.

**Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2008.07.05. № 62-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**8-тарау. Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы халықаралық ынтымақтастыры**

**32-бап. Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы халықаралық ынтымақтастыры**

Қазақстан Республикасы мал шаруашылығы саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың дамуына жәрдемдеседі.

**33-бап. Шетелдің қатысуымен асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық жасау құқығы**

Шетелдің қатысуымен асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында жобаларды жүзеге асыруға қатысатын Қазақстан Республикасының жеке және занды тұлғалары Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес шетелдіктермен және (немесе) шетелдік занды тұлғалармен шарттар жасасады.

**Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК